

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән
Қаржы және несие
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Қаржының мәні туындайды:

- A) ақша эмиссиясынан
- B) тауар-өндірісінің негіздерінен
- C) экономикалық заңдардың іс-әрекетінен
- D) ақша нысанындағы құн қозғалысынан
- E) қаржы жүйесін ұйымдастырудан

2. Қаржы жүйесінің келесі жүйеліктері базалыққа жатады:

- A) салықтық, қаржылық жоспарлар
- B) қаржылық бақылау, бюджеттік
- C) салықтық, бюджеттік, сыртқыэкономикалық
- D) кадрмен қамтамасыз ету, сыртқыэкономикалық
- E) сыртқыэкономикалық, қаржылық жоспарлар, қаржылық бақылау

3. Қаржылық саясат-бұл:

- A) абстрактылық түрде көрсетілген және экономикалық өмірдің белгілі жағын сипаттайтын біртекті экономикалық қатынастар
- B) қаржыларды басқару, жоспарлау және ұйымдастыру формалары, әдістері және түрлерінің жүйесі
- C) өзінің функцияларын және міндеттерін іске асыру үшін мемлекетпен жүргізілетін мақсатты бағытталған шаралар жиынтығы
- D) қаржылық механизмнің ішкі жүйесі және экономикалық және әлеуметтік жоспарлаудың маңызды құрамдас бөлігі
- E) жоспарлық тапсырмаларды орындау үшін қаржылық ресурстарды қолдану

4. Макродеңгейдегі қаржылық бақылау болып келесі танылады:

- A) қаржы ресурстары өсуінің ішкі өндірістік резервтерін табу
- B) бүкіл мемлекет ауқымында қаржыны ұйымдастыру мен оның іс-әрекет етуін бақылау
- C) меншіктің барлық нысанындағы шаруашылық жүргізуші субъектілер деңгейіндегі бақылау
- D) кәсіпорындардың қаржы саласында қолданылып жүрген заңдардың сақталуын қамтамасыз ету
- E) шаруашылық жүргізуші субъектілердің бюджет алдындағы міндеттемелерін орындауының дер кездігі мен толымдылығын қамтамасыз ету

5. Сауда-саттық және тұрмыстық қызмет көрсету арқылы өзінің мүшелерін және басқа азаматтардың қажеттіліктерін қанағаттандырады

- A) Тұтыну кооперативі
- B) Коммерциялық ұйым
- C) Өндірістік кооператив
- D) Толық серіктестік
- E) Қоғамдық ұйымдар

6. Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, аудандардың бюджеті—бұл

- A) Республикалық бюджет
- B) Жергілікті бюджет
- C) Федеративтік бюджет
- D) Штаттық бюджет
- E) Төтенше бюджет

7. Қазақстанда азаматтарға ипотекалық несиелер беруді банктер _____ жылдан бастап жүзеге асыруда

- A) 1991
- B) 1998
- C) 1999
- D) 2000
- E) 1995

8. ҚР салықтардың саны:

- A) 5
- B) 44
- C) 13
- D) 10
- E) 12

9. Мемлекетпен қатаң белгілі бір мақсаттарға пайдаланатын және заң жүзінде қалыптасуының бекітілген көздері бар ақша ресурстарының жиынтығы:

- A) банк ресурстары
- B) жергілікті бюджет
- C) мемлекеттік бюджет
- D) республикалық бюджет
- E) бюджеттен тыс қорлар

10. Ұлттық инновациялық қор өз жұмысын _____ жылы бастады

- A) 2003
- B) 2005
- C) 2004
- D) 2002
- E) 2010

11. Заңды тұлғаның несие алу үшін төлем қабілеттілігін сипаттайтын көрсеткіштер

- A) рентабелділік
- B) өтімділік
- C) іскерлік белсенділік
- D) рентабельділік, өтімділік, қаржылық тәуелсіздік, іскерлік белсенділік
- E) рентабельділік, ликвидтілік, қаржылық тәуелсіздік, нарықтық белсенділік

12. Қаражаттар түсуінің сенімділік дәрежесіне қарай үй шаруашылықтары қаржысының мынадай түрі бар

- A) Кепілді
- B) Бір реттік
- C) Тұрақты
- D) Кезеңдік
- E) Уақытша

13. Медициналық сақтандыру мына сақтандыру түріне жатады

- A) Жеке сақтандыру
- B) Жүкті сақтандыру
- C) Мүлікті сақтандыру
- D) Кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру
- E) Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру

14. Сақтандырудың жылдық кезеңіндегі сақтандыру сомасы бірлігінен сақтандыру төлемі:

- A) сақтандыру соммасы
- B) сақтандыру портфелі
- C) сақтандыру тарифі
- D) сақтандыру өтемі
- E) сақтандыру төлемі

15. Жарамсыз деп танылған кезде бұрын күшті құнсызданған ақша белгілерінің күші жойылады және орнына жаңалары енгізіледі

- A) Девальвация
- B) Нуллификация
- C) Ревальвация
- D) Деноминация
- E) Стагфляция

16. Инвестициялар түрлері:

- A) портфельдік, тура, жанама
- B) негізгі, қосымша, аннуитеттік
- C) негізгі, қосымша, тура, жанама
- D) венчурлық, аннуитеттік, тікелей
- E) венчурлық, аннуитеттік, тікелей, портфельдік

17. Акционерлік банктердің шығаратын акциялары екі түрлі:

- A) қымбат және арзан
- B) жай және күрделі
- C) жай және артықшылығы бар
- D) акционерлік және акционерлік емес
- E) жай және қымбат

18. Несиенің формасы:

- A) қарызды беретін несиелік қатынастың бір жағы
- B) экономикадағы несиелік қатынастардың алғашқы формасы
- C) қарыз берушінің қарыз алушыға қарызға берген тауарын білдіреді
- D) несиені алушы және оны қайтаруға міндетті, несиелік қатынастың жағы
- E) несиелік қатынастар құрылымының, олардың негізгі қызметтерінің яғни, әр алуан сыртқы және ішкі өзгерістер барысында толық сақталатын көрінісін білдіреді

19. Инфляцияға қарсы фискалдық саясат келесідей жолмен жүргізіледі:

- A) салықтарды төмендетумен, мемлекеттік шығындарды жоғарылатумен
- B) салықтарды жоғарылатумен, мемлекеттік шығындарды қысқартумен
- C) мемлекеттік шығындарды қысқартумен, салықтарды төмендетумен
- D) мемлекеттік шығындарды жоғарылатумен, салықтарды жоғарылатумен
- E) салықтарды төмендетумен, айналыстағы ақша массасын қысқартумен

20. Қазіргі кезде ерекше маңызды орынға ие инфляцияны басқаруды жақсарту және инфляцияға қарсы саясат шараларының бірі

- А) Инфляцияны бағалау
- В) Инфляция факторлары
- С) Инфляция қарқынан зерттеу
- Д) Инфляциялық таргеттеу
- Е) Инфляциялық күту

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.

2-БЛОК: Арнайы пән
Ұйым экономикасы
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. «Амортизация» сөзінің латын тілінен аударғандағы мағынасы

- A) өтеу
- B) тозу
- C) табиғат
- D) машина
- E) құлдырау

2. Негізгі қорлардың тозуы

- A) сапалық және саналық тозу
- B) табиғи және сапалық тозу
- C) табиғи және саналық тозу
- D) географиялық және физикалық тозу
- E) физикалық және химиялық тозу

3. Тікелей есептеу әдісі-бұл

- A) меншіктегі тауарлық-материалдық құндылықтарды сараптау кезінде қажет емес құндылықтарды есептен шығарып, негізгісін алады
- B) өндірісті ұйымдастыру, материалдық құндылықтарды тасымалдау, есептеу арқылы, ұйымдастыру-техникалық деңгейін ғылыми негіздеп, есептелген қорды табады
- C) айналым капиталының нормативтерін тікелей есептеу жолымен ұдайы нақтылап, жекелеген коэффициенттерді қолданады.
- D) жалпы шешімдерді шығарып отырады
- E) жеке түрде шешім шығарып отырады

4. Сараптамалық әдіс-бұл

- A) меншіктегі қажет емес құндылықтарды есептен шығарып, негізгісін алу
- B) меншіктегі тауарлық-материалдық құндылықтарды есептеу арқылы, ұйымдастыру-техникалық деңгейін ғылыми негіздеп алу
- C) айналым капиталының нормативтерін тікелей есептеу жолымен ұдайы нақтылап, жекелеген коэффициенттерді қолдану
- D) жалпы шешімдерді шығарып отыру
- E) жеке түрде шешім шығарып отыру

5. Өз ісіңізді тиімді қызметі мен кіммен ұйымдастырасыз деген сұраққа жауап беретін бизнес жоспар бөлімі

- A) өндіріс жоспары
- B) қаржылық жоспар
- C) маркетинг жоспары
- D) ұйымдастыру жоспары
- E) сату нарығының жоспары

6. 1-3 жыл аралығындағы жоспар

- A) ағымдағы жоспарлау
- B) ұзақ мерзімді жоспарлау
- C) стратегиялық жоспарлау
- D) орташа мерзімде жоспарлау
- E) қысқа мерзімдегі жоспарлау

7. Кәсіпорынның мүліктік жауапкершілігі білдіреді

- A) келісім мен өзіндік жауапкершілікті
- B) ынталылық пен өзіндік жауапкершілікті
- C) келісім мен операцияларды өздік атқара алуды
- D) белгілі мақсатты қолдануда жеке мүлікті қолдану
- E) өз мүліктеріне әр түрлі мөлшерде белгілі жауапкершілікке иелікті

8. Уақыт бірлігінде белгілі бір жағдайда ең үлкен көлемде шығарылатын өнімдердің мүмкінділікті есептеу көлемі

- A) өндіріс көлемі
- B) өндірістік қуаттылық
- C) еңбек өнімділігі
- D) өндіріс өнімділігі
- E) рентабельділік

9. Төмендегі формуламен келесі көрсеткіш анықталады:

$$k = \frac{M}{Q}, \text{ мұндағы } M - \text{құндық көріністегі өнімді өндіруге кеткен материалды}$$

шығындардың жалпы көлемі, Q – өндірілген өнімнің жалпы көлемі

- A) қоғамдық еңбек өнімділігі
- B) өнімнің еңбек сиымдылығы
- C) қорсыйымдылығы
- D) материалсыйымдылығы
- E) қорқайтарымы

10. Өндірісті ұйымдастырудың негізгі үлгілеріне жатады

- A) негізгі, қосымша
- B) тұрақты, ауыспалы
- C) жеке-дара, сериялық, жаппай
- D) өндірістік, өндірістік емес
- E) тікелей, жанама

11. Даму жоспары 3-5 жылға арналған болса

- A) ағымдағы жоспарлау
- B) ұзақ мерзімді жоспарлау
- C) стратегиялық жоспарлау
- D) орташа мерзімде жоспарлау
- E) қысқаша мерзімде жоспарлау

12. Қор қайтарымының формуласы

- A) $ҚҚ = НҚ / \Theta К$
- B) $ҚҚ = \Theta К / НҚ$
- C) $\Theta К = НҚ / НҚ$
- D) $ҚҚ = \Theta К / ҚҚ$
- E) $ҚҚ = \Theta К / \Theta К$

13. Негізгі қорларды пайдалану тиімділігінің маңызды жалпылама көрсеткіші

- A) қор қайтарымы
- B) еңбек өнімділігі
- C) бір жылдық өнім
- D) еңбек сыйымдылығы
- E) амортизация

14. Қор сыйымдылығы келесіні білдіреді

- A) құрылғының өнімдік деңгейін
- B) айналым құралдарының айналым санын
- C) еңбектің техникалық қамтамасыз етілу деңгейін
- D) 1 теңге негізгі өндірістік қорға келетін тауар өнімінің көлемін
- E) сатылған өнімнің 1 теңгесіне шаққанда негізгі қордың шығынының көлемін

15. Қатысу жүйесі негізінде бақылауды жүргізетін көпсалалық акционерлік қоғам

- A) концерн
- B) ассоциация
- C) консорциум
- D) синдикат
- E) картель

16. Жаңа құрылысқа, техникалық қайта жаратандыруға, қайта құруға, негізгі қорларды және өндірістік қуаттарды кеңейтуге бағытталатын күрделі салымдардың құрылымы

- A) түрлі
- B) салалық
- C) аумақтық
- D) қайта жасау
- E) технологиялық

17. Еңбекақының аккордтық жүйесі сипатталады

- A) пайданың өсуімен
- B) еңбек өнімділігінің өсуімен
- C) өнімнің сапасын жақсартумен
- D) тапсырманы орындағанда уақытты үнемдеумен
- E) жасалатын (өңделетін) өнімнің мөлшерін арттырумен

18. Негізгі қорлардың амортизациясы– бұл

- A) негізгі қорлардың сапасы
- B) негізгі қорлардың қалпына келуі
- C) негізгі қорларды жөндеу шығындары
- D) негізгі қорларды қолдану шығындары
- E) негізгі қорлардың бағасын дайын өнім бағасына берілу процесі

19. Сатылу құнына үстеме баға пайызының теңдігі

- A) ақшалай өрнектегі үстеме баға сомасы*өзіндік құн
- B) өзіндік құн +ақшалай өрнектегі үстеме баға сомасы
- C) ақшалай өрнектегі үстеме баға сомасы- өзіндік құн
- D) ақшалай өрнектегі үстеме баға сомасы/сатылу бағасы
- E) ақшалай өрнектегі үстеме баға сомасы/өзіндік құн

20. Өзіндік құнға үстеме баға пайызының теңдігі

- A) ақшалай өрнектегі үстеме баға сомасы*өзіндік құн
- B) өзіндік құн +ақшалай өрнектегі үстеме баға сомасы
- C) ақшалай өрнектегі үстеме баға сомасы- өзіндік құн
- D) ақшалай өрнектегі үстеме баға сомасы/сатылу бағасы
- E) ақшалай өрнектегі үстеме баға сомасы/өзіндік құн

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. Өнім бірлігіне кететін айнымалы шығындар

- A) орташа нөлдік жиынтық шығындар
- B) орташа бірінші жиынтық шығындар
- C) орташа екінші жиынтық шығындар
- D) орташа тұрақты жиынтық шығындар
- E) орташа айнымалы жиынтық шығындар
- F) орташа жалпы жиынтық шығындар
- G) орташа үшінші жиынтық шығындар
- H) орташа төртінші жиынтық шығындар

22. Материалдық негізгі құралдардың және инвестицияны пайдаланудың дәрежесі мен дамуының сапа деңгейін анықтайтын фактор

- A) жалпы
- B) географиялық
- C) негізгі капитал
- D) әлеуметтік-экономикалық
- E) ұйымдастырушылық
- F) еркін
- G) жергілікті
- H) дербес

23. Салық Кодексіне сәйкес әлеуметтік салықты төлеушілер

- A) жеке кәсіпкерлер
- B) жеке меншікті нотариустар, адвокаттар
- C) Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары
- D) бала бақша балалары
- E) оқушылар
- F) балалар
- G) студенттер
- H) зейнеткерлер

24. Қаржылық нарық құрылымына келесілер жатады

- A) ақша нарығы
- B) бағалы қағаздар нарығы
- C) тауар нарығы
- D) капитал нарығы
- E) еңбек нарығы

25. Еңбек өнімділігінің өсу факторлары

- A) жалпы факторлар
- B) кадрлардың факторлар
- C) негізгі капитал факторлары
- D) әлеуметтік-экономикалық факторлар
- E) ұйымдастырушылық факторлар
- F) еркін еңбек факторлар
- G) жергілікті факторлар
- H) дербес факторлар

26. Бұл жеке нақты жұмыскердің немесе кәсіпорынның өндірістік бөлімінің өнімділігі

- A) жалпы
- B) кезекті
- C) ауысым
- D) қоғамдық
- E) қабылдау
- F) еркін
- G) жергілікті
- H) дербес

27. Кәсіпорындардың белгілері бойынша жіктелуі

- A) қызмет түрі
- B) меншік нысаны
- C) көлемі
- D) қызметтік реттеу деңгейі
- E) ұйымдық-құқықтық түрлері
- F) жері
- G) географиялық жағдайы
- H) физикалық жағдайы

28. Кәсіпорынның сыртқы ортасына жататындар

- A) саясат
- B) экономикалық
- C) әлеуметтік
- D) экологиялық
- E) еңбек ресурстары
- F) техника және технология
- G) бәсекелестік
- H) маркетинг

29. Баланстық пайданың элементтері

- A) сотқа кеткен шығындар
- B) мүлікті жалға беру арқылы табыс
- C) кәсіпорын төлейтін айып-ақылар
- D) өткізуден тыс табыстар мен шығындар
- E) басқа сатулардан (мүлікті) түсетін пайда
- F) өнімді, қызметтерді өткізуден түскен пайда

30. Өнеркәсіптік мекемеде өндіріс құрылымының түрлері

- A) аралас
- B) зауыттық
- C) жарғылық
- D) қоғамдық
- E) серіктестік
- F) қосымша
- G) технологиялық
- H) заттық

Жағдаяттық тапсырмалар
1-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Амортизация сомасын қызмет ету мерзімі бойынша анықтау мысалы. Субъектінің сатып алған көшірме құрал-жабдығының бастапқы құны 30 000 000 теңге, 5 жыл қызмет жасағаннан кейін болжамдық қалдық құны 3 000 000 теңгені құрайды. Осы мәліметтерге сүйене отырып, бір жылдық амортизациялық аударым былайша анықталады.

Сосын көшірме құрал-жабдығының техникалық құжатына сәйкес 500 000 көшірмебасуға немесе 10 000 сағат бойы жұмыс жасауға қабілетті.

31. Амортизацияны есептеудің жекелеген әдісінің түрі

- A) бір қалыпты әдісі
- B) өндірістік әдіс
- C) табыстық әдіс
- D) шығындық әдісі
- E) қалдық құнын кеміту, азайту әдісі

32. Амортизацияны есептеу әдістері

- A) түзу сызықты, өндірістік, жеделдетілген
- B) түзу сызықты, табыстық, жеделдетілген
- C) түзу сызықты, өндірістік, шығындық
- D) амортизация, өндірістік, жеделдетілген
- E) айналым капиталы, өндірістік, жеделдетілген

33. Кумулятивтік сан

- A) 16
- B) 20
- C) 15
- D) 82
- E) 25

34. Көшірме және сағаттың амортизациялық аударым сомасын табу керек

- A) 50,0теңге-2500,0теңге
- B) 54,0теңге-2700,0теңге
- C) 58,0теңге-2800,0теңге
- D) 60,0теңге-3000,0теңге
- E) 62,0теңге-3500,0теңге

35. Амортизацияны бір қалыпты есептеу әдісінің сомасы

- A) 5 400 000
- B) 5 200 000
- C) 5 100 000
- D) 4 800 000
- E) 4 200 000

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Кәсіпорын экономикалық түсінік ретінде іс-әрекеттің әртүрлі салаларында қызмет ететін және оқшауланған мүлік кешені түрінде меншік нысаны болып көрінетін кәсіпкерлік өндірістік бөлік болып табылады. Кәсіпорын құрамына құқық тұрғысынан мүлік кешеніне жер телімдері, ғимарат, құрылғылар, құрал жабдықтар, сайман, шикізат, өнім және басқа да мүліктер кіреді. Көп сатылы нарық экономикасында тек мүлік иесі ғана кәсіпорын құруға және таратуға құқылы.

36. Кәсіпорынның көлемі бойынша жіктелуі

- A) ірі, өте ірі, шағын
- B) орта, өте шағын, корпорация
- C) орташа, ірі орташа, шағын
- D) орташа, өте шағын, өте орташа
- E) шағын, орта, ірі

37. Қызметтік реттеу деңгейі

- A) Республикалық , аймақтық, жергілікті маңызы бар нысандар
- B) Республикалық , ауылдық, жергілікті маңызы бар нысандар
- C) Республикалық , аудандық, жергілікті маңызы бар нысандар
- D) Республикалық , аймақтық, географиялық маңызы бар нысандар
- E) Республикалық , аймақтық, физикалық маңызы бар нысандар

38. Ұйымдық құқықтық түрлеріне жататын

- A) мемлекеттік меншік
- B) жеке меншік
- C) шаруашылық серіктестік
- D) акционерлік қоғам
- E) қосымша жауапкершілігі бар серіктестік

39. Экономикалық жағдайға тән ерекшеліктер

- A) қоғамның тұрақтылық және жұмысбастылық деңгейі
- B) экономикалық өсудің қарқыны, төлем теңгерімі, жұмысбастылық деңгейі
- C) өмірлік құндылықтар мен дәстүрлер
- D) ақпаратты жинау, сақтау және бөлу, технологияларды таңдау
- E) елдің экологиялық, әлеуметтік-экономикалық жағдайы

40. Кәсіпорынға әсер ететін факторлар

- A) дербес және жеке
- B) күрделі және жеке
- C) тікелей және жанама
- D) тікелей және күрделі
- E) жанама және күрделі

2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.